



Азаттық: Қазақстанда шынайы оппозициялық партия жоқ және оны қазір тіркелген партиялардың өздері де ашық айтады. Парламентте кейбір мәселеде бір-бірімен кейде келіспейтін сияқты көрінгенмен, бәрі бір ауыздан Ақорданың қазіргі жүргізіп отырған саясатына қарсы шықпай, қолдайды. Осындай сәтте "Әділет" сияқты тағы бір билікшіл партия неге керек болды?



Толғанай Үмбетәлиева

Толғанай Үмбетәлиева: Менің ойымша, бұл "Аманат" партиясымен саяси басекені дамыту үшін керек болған сияқты. Бәлкім "Аманатты" сәл ығыстырғысы келетін шығар. Билікке жас саясаткерлер, жаңа партиялар келіп, ескісін сәл шетке ысыру қажет болған болар. "Әділет" партиясы тек жастардан тұрады деп айту қиын шығар, онда қарт кісілер де бар, бірақ ол жерде бәрібір жастар басым сияқты. Әрі онда [президент Қасым-Жомарт] Тоқаевты қолдайтындар топтасқан.

Ал "Аманат" бәрібір [экс-президент Нұрсұлтан] Назарбаевты немесе ескі элитаны қолдайтын партия болып саналады. "Нұр Отаннан" "Аманатқа" ауысып, ребрендинг жасаса да, бұл оларға ешқандай әсер етпеді. Халықтың арасында бұл партияны көбіне Назарбаевпен байланыстырады. Сондықтан жаңа партия құрылып жатыр. Менің ойымша, жаңа саяси маусымда "Әділет" пен "Аманаттың" қайсысы жеңеді, қай партия Құрылтайда көбірек орын алады деген сұрақ басты интрига болатын сияқты.

Азаттық: Яғни, "Аманат" партиясымен бәсеке тудыру үшін жасап жатыр, бірақ "Аманат" партиясын түбегейлі саясат сахнасынан шығарып тастауды көздеп отырған жоқ дейсіз ғой, солай ма?

Толғанай Үмбетәлиева: Жоқ, алып тастамайды. Саяси жүйеде оның институттары мығым болуы үшін бір ғана партияға қарап қалмай, екі-үш партия болғаны, биліктің екі тірегі болғаны маңызды.

"Аманатқа" көп қаржы құйылған, партия жұмыс істеп жатыр, кеңселері бар, инфрақұрылымы бар, оның барлығын бірден алып тастамайды. Болашақта екі партия бірігіп жатса, сол кезде ғана болатын шығар.

Ал мынау – жаңа партия. Қазір оның құрамына бизнес-элитадан адамдар қосылып жатыр. Соған қарағанда жаңа партияның өз инфрақұрылымы, ғимараттары, аймақтарда кеңселері болады. Олар "Аманат" партиясынікін қолданбайтын сияқты.

Екі партия да саяси жүйеде қалады. Бірақ "Аманаттың" қандай саяси күші болады, ол өзіне байланысты. Менің ойымша, әкімшілік ресурс көбіне жаңа партияға жұмсалып, "Аманатқа" азырақ назар аударылады. Сондықтан бәсеке қандай болатыны түсініксіз.

Азаттық: "Әділет" партиясының төрағасы Айбек Дәдебайдың президент әкімшілігінің жетекшісі деген өте ықпалды лауазымнан кетіп, қатардағы партияның жетекшісі болуы қоғамда көп сұрақ тудырды. Сіз қалай ойлайсыз, Ақорда президент әкімшілігін басқарып отырған адамды партияға жетекші етіп жіберу арқылы қандай мүддені көздеп отыр?

Толғанай Үмбетәлиева: Менің ойымша, қазір президент әкімшілігі саяси жүйеде соншалық көп орын алмайды. Оның үстіне оның билікке де ықпалы азайып кетті. Назарбаевтың кезінде президент әкімшілігі деген өте ықпалды институт болатын әрі оның қолында билік те көп еді. Қазір ол президенттің сыртқа жарияланатын жұмыстарын қадағалайды, оның жолдауларын әзірлеумен айналысады, ал саяси жүйеге әсері аз болып қалды. Сондықтан, менің ойымша, қазір президент әкімшілігі мен партияның мүмкіншіліктерін салыстырсақ, партияның мүмкіншілігі көбірек болып тұр. Жаңа саяси маусымда бұл партия жеңіп шықса, Құрылтайда ең көп орын алса, парламенттің төрағасы да осы партиядан таңдалуы ықтимал. Яғни, бұл партия лидерінің мүмкіндіктері көбірек болады.

Азаттық: Қазір мәжілісте спикер "Аманат" партиясының жетекшісі Ерлан Қошанов. Алдағы Құрылтайда жеңіске жетсе, "Әділет" партиясының төрағасы Құрылтайға спикер болуы мүмкін дейсіз ғой?

Толғанай Үмбетәлиева: Иә, болуы мүмкін. Бұл партия көбірек дауыс жинап, басым көпшілік орынды алса, оның лидері Құрылтайдың спикері болуы мүмкін.

Азаттық: Қазақстанда Қасым-Жомарт Тоқаев президент болғалы оппозициялық партия құруға жасалған үлкенді-кшілі талпыныс аз болған жоқ. Бірақ ешбіріне "Әділет" министрлігі рұқсат етпеген еді. Ал мына жерде бәрі оп-оңай жүзеге асты. Бұл қоғамда "Әділетке" "қуыршақ партия" деп қарайтын күдікті одан ары күшейтіп жіберген сияқты. Бұл жерде билік халыққа қарата "Күдіктене беріңдер, бізге бәрібір" дегендей позиция ұстанып отырғандай көрінбей ме?

Толғанай Үмбетәлиева: Иә, солай болып тұр. Тоқаев президент болғалы бері "еститін мемлекет" деген сөз көп айтылды. Халықтың пікірі өте маңызды дейді де, шынтуайтына келгенде саяси ережелерге қарасаңыз, халықтың үні мұнда мүлдем жоқ. Сондықтан менің ойымша қазіргі билікте отырған саяси күштерге халық не ойлайтыны маңызды емес, ең маңызды – билікті өз қолдарында алып қалу. Тоқаев үш-төрт жылдан кейін кетеді. Сондықтан олар өздерінің орнын, билігін күшейтіп жатыр. Халық не ойлайтыны оларға маңызды емес.

Азаттық: Құрылтай сайлауына аз қалды, алдағы тамыз айында сайлау өтеді. Тіркелген сегіз партиясы бар елдің азаматы әрі осы елдегі саяси оқиғаларда жіті бақылап отырған саясаттанушы маман ретінде айтыңызшы. Партиялар арасында қазір сайлау алдында қандай да бір бәсеке көріп отырсыз ба?

Толғанай Үмбетәлиева: Жоқ, әлі бәсеке көріп отырған жоқпын. Қазір заңдарды әлі реттеп жатыр. Оған әлі саяси старт берілген жоқ, сондықтан саяси партиялардың бәрі күтіп отыр. Ресми түрде сайлау науқаны басталды деген белгі берілгенде ғана партиялар шығып, бағдарламаларын таныстырады. Қазір президент пен оның айналасындағылар және партиялар арасында қай партия өтеді, қайсысы қанша дауыс жинайды деген "кадр сыртында" әңгіме жүріп жатқан сияқты.

Айдар

ЖАЛПЫ АРХИВ

САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАН

БАС ТАҚЫРЫПТАР